



**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
Материалдары

*2018 жылдың 16-17 ақпаны*

**II том**

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

Материалы  
III Международной научно-теоретической конференции

*16-17 февраля 2018 года*

**Том II**

**ACTUAL PROBLEMS OF WORLD PHILOSOPHY,  
DEVELOPMENT OF HUMAN, HIS CONSCIOUSNESS,  
AND MORALITY**

Proceedings  
of the III International Scientific-Theoretical Conference

*February 16-17, 2018*

**Volume II**

Астана/Astana

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
РҒА ФИЛОСОФИЯ ИНСТИТУТЫ  
ҚР БҒМ ҒК ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ  
М.В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ ММУ ҚАЗАҚСТАН ФИЛИАЛЫ

**ӘЛЕМДІК ФИЛОСОФИЯНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ,  
АДАМ, ОНЫҢ САНАСЫ МЕН АДАМГЕРШІЛІГІНІҢ ДАМУЫ**

**III Халықаралық ғылыми-теориялық конференция  
материалдары**

*2018 жылдың 16 - 17 ақпаны*

**II том**

Астана, 2018

**Редакциялық кеңес**

Е.Б. Сыдықов, Д. Қамзабекұлы, Ғарифолла Есім,  
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжігітова,  
К.А. Медеуова, Д.Т. Толғамбаева

Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің  
**Ә43** дамуы: III Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары ( 2018  
жылдың 16-17 ақпаны, Астана, Қазақстан) 2 томдық. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы  
ЕҰУ баспасы, 2018. – 339 б.

ISBN 978-9965-31-977-8

Жинаққа Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақ КСР ғылым және техника саласы бойынша Мемлекеттік сыйлығының, «Достастық жұлдызы» мемлекетаралық сыйлығының, ҚР тұңғыш президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының, Халықаралық «Өмір ағашы» сыйлығының лауреаты, Шоқан Уәлиханов атындағы Мемлекеттік сыйлықтың тұңғыш лауреаты Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің 85 жылдық мерейтойына арналған «Әлемдік философияның өзекті мәселелері, адам, оның санасы мен адамгершілігінің дамуы» атты III халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары енген.

Конференция шеңберінде «Философия тарихы, таным теориясы мен ғылым әдіснамасының өзекті мәселелері», «Қазіргі әлемдегі адам және адамгершілік мәселелері», «Ж.М.Әбділдин және диалектикалық логика мен таным теориясы, адам мен адамгершілік мәселелерінің талдануы» секциялары жұмыс жасады.

Қазіргі философияның өзекті мәселелері мен ҚР ҰҒА академигі Жабайхан Мүбәрақұлы Әбділдиннің шығармашылығына қызығушылық танытқан қауымға арналады.

Жарияланып отырған материалдар автор редакциялауымен берілген.

ӘОЖ1/14  
КБЖ87.0

ISBN 978-9965-31-977-8  
ISBN 978-9965-31-975-4

МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ РАН  
ИНСТИТУТ ФИЛОСОФИИ, ПОЛИТОЛОГИИ И РЕЛИГИОВЕДЕНИЯ КН МОН РК  
КАЗАХСТАНСКИЙ ФИЛИАЛ МГУ ИМЕНИ М.В. ЛОМОНОСОВА

**АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ,  
РАЗВИТИЕ ЧЕЛОВЕКА, ЕГО СОЗНАНИЯ, НРАВСТВЕННОСТИ**

**Материалы III Международной научно-теоретической конференции**

*16-17 февраля 2018 года*

**Том II**

Астана, 2018

УДК1/14  
ББК87.0  
А43

**Редакционный совет**

Е.Б. Сыдыков, Д. Камзабекұлы, Ғарифолла Есім,  
Г.А. Адаева, С.А. Арыстамбаева, М.М. Бозжигитова,  
К.А. Медеуова, Д.Т. Толгамбаева

**А43** Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности: Мат-лы III Междунар. науч.-теорет. конф. (16-17 февраля 2018 г., Астана, Казахстан) в 2-х тт. – Астана: изд-во ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2018. – 339 с.

ISBN 978-9965-31-977-8

В сборнике представлены материалы III Международной научно-теоретической конференции «Актуальные проблемы мировой философии, развитие человека, его сознания, нравственности», посвященной 85-летию академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина, Лауреата Государственной премии Каз ССР в области науки и техники, Межгосударственной премии «Звезда Содружества», Президентской премии мира и духовного согласия, Российской премии «Древо жизни», Лауреата первой премии имени Ч.Ч. Валиханова.

В рамках конференции работали секции: «История философии, актуальные проблемы теории познания и методологии науки», «Проблема человека и нравственности в современном мире», «Академик Ж.М. Абдильдин и разработка проблем диалектической логики, теории познания, человека и нравственности».

Адресовано всем интересующимся актуальными проблемами современной философии и творчеством академика НАН РК Жабайхана Мубаракovich Абдильдина.

Публикуемые материалы представлены в авторской редакции.

УДК1/14  
ББК87.0

ISBN 978-9965-31-977-8  
ISBN 978-9965-31-975-4

## АДАМИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ӨШЕМІ

*Мақимбаева Ж.М.*

*Астана қ.*

*janar\_m@mail.ru*

Адамдық жаратылыс алуан түрлі, оның қабілет таң қаларлық деңгейде. Алайда адами мүмкіндіктердің көптүрлілігіне қарамастан, оны екі полиске бөлуге болады: «болу» және «ұқсау». Біріншісі модус адамның шынайылығын, тұлғалық болмысының кереметтігін іздеумен сипатталса. Екіншісі жасандылыққа, өзгешелікке басқа қалыпқа ене алуға деген адамның мүмкіндігін қарастырады.

Кезінде көптеген батыс ойшылдары нақтырық айтсам, Т.Адорно, Э.Фромм және Ж.Эллюль көпшілік қоғамның әлеуметтік сыншы ретінде көзге түсті. Олардың ойынша, техниканың дамуы негізгі мақсатқа айналып, бұқаралық мәдениет қоғамның құндылықтарын ешқандай тайсалмастан бұзып, жара отырып, рухани әлемнің ұсқыны мен қадірін қашырды. Жаңа қоғамда құндылықтар жүйесінің құны төмендеді [1, 96].

Сондай ақ, Э.Фромм жасанды ойластырылған қажеттіліктер туралы сөз етті. Осының арқасында жаранаманың күні мен құны саханаға шықты. Америкадағы электронды, цифрлық, телевизиялық көріністер осы жаранамалармен бөлініп, тоқтап қалады. Бұларды біз әбестік және үлкен қателік санадық, бірақ ойламаған жерден өзіміз де осы жарнаманың қарқынды дамыған қоғамның ортасынан бірақ шыққанымызды сезбей де қалдық. Тіпті бүгінгі таңда жарнаманың жүйелерін жасап, зерттеу объектісіне де айналып отыр. Жаранамалық қоғамда құндылық пен адами қасиет те басқаша форматта, басқаша бағытта қалыптасып жатқаны ешкімді таңқалдырмайды. [1, 236]. Бүгінгі жастар үшін адами құндылық деген біз бағалаған немесе біздің ата-бабаларымыз санап келген дүние емес, қазір басты мақсат байлық саналатын, керемет өмір саналатын қоғамда сол мақсат пен мүдденің жолында түрлі әдістер мен тәсілдер ойлап табылуды.

Тек соны көріп тұрып, осы күнгі екі қазақтың бірінің айтатыны Еуропа мәдениеті, Еуропа әдебиеті, тіпті, еуропаша тамақтану тәртібі екені, осының өзі-ақ азаттық алдық деп алақанын шапалақтап жүрген қазекемнің ой-өрісі, ұлттық намысы мен ұлттық мақтанышы күн санап ғайыпқа сіңіп баратқаны толғандырмай қоймайды. Әрине, бұл жағдай тек бізде ғана емес бүкіл елде, барлық жерде ұлтым деп еңіреген адамзаттың барлығында туып отырған мәселе деп ойлаймын.

Жеке адам болу дегеніміз – азаматтың адам ретінде сезіну, сан ғасырлар бойы халық тәжірибесі туғызған рухани мәдениеттің мәңгілік игіліктерін бойына дарытып, осы игіліктерді еңбекке, әлеуметтік мәнді қызметке, қоғамдық өмірге, адамдар қатынасы, күнделікті тұрмысқа енгізу. Адам немесе жеке тұлға өзінің сана-сезімін, көзқарасын, рухани-саяси дүниетанымын үнемі білім мен еңбектің арқасында жетілдіріп отыруы керек. Тұлғаны құндылықтар арқылы дамытуға, мәдени дағдыларды игеруге, өз жауапкершілігін арттыруға және әділдік жолымен жүруге, әділдік жоқ жерде адамшылық жоқ деген пікірді айтады ұлы ойшыл М. Х. Дулати [2].

Расында да өркениет әлемі уақыт өткен сайын мың сан өзгерістерді бастан кешіріп жатыр. Бізді жаңа тарих, жаңа кезең күтіп тұр. Сондықтан жаңа заманның жасампаздығына жұтылып кетпеу үшін ескірген көзқарастардан арылып, дүбірлі дүниенің даңғыл жолына түсу – жаңаша дүниетанымды талап етуде. Дәл қазіргі уақыт алдыңғы қатарлы елдермен иық түйістіріп, тереземізді тең ету мақсатында өркениетті дәуірдің даралық дамуына сана сезімімізді бейімдеу уақыт талабы екендігін айтып отыр. Ал, ұлттық кодты сақтау жаңа тұрпатты жаңғыруға жетелейтіндігі рас. Ұлттық кодты сақтаймын деп баяғы таптауырын жолмен жүретін уақыт келмесе кетті. Әйтседе, өзіміздің ұлттық салт- дәстүрлерден алшақ кетуге болмайды. Себебі, салт-дәстүр ол ұлттың қанымен келетін нәрсе. Ұлт жадының тұғырнамасына сүйенер болсақ, өткен тарихымызбен бүгінгі және жарқын болашақтың ізгілігін сабақтастыру – рухани құндылықты арттыруға жетелейтіндігі ақиқат. Міне, осыған

маңыз бере отырып, әрбір қазақстан дықтың санасын жаңғыртудың алты бағытын нақтылап берді. Оның біріншісі – бәселкелестік қабылет, екіншісі – прагматизм, үшіншісі – ұлттық бірегейлікті сақтау, төртіншісі – білімнің салтанат құруы, бесіншісі – Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы, алтыншысы – сананың ашықтығы.

Адам рухы әрқашан өзінің себебін біліп, жоғарыға көтеріп, адамнан жоғары не бар деген сауалға тоқталуы тиіс. Сонда ғана өзін-өзі жетілдіреді. Адам жападан-жалғыз болмайды, адам қоғамда ғана толық қалыптасады және оның да өзіндік ішкі дауысы бар. Рух материалдық әлемге сәйкес келмейтін өзінше ерекшелігі бар әлем болып табылады. Ғаламда рухтың екі түрлі көрінісі болады, біріншісі барлық материалдық нысандардың, құбылыстардың (органикалық, немесе органикалық емес дене болса да) өзіндік табиғи рухы болады, яғни кез-келген материалдық денеден, оның ішінде, тіптен, табиғаттың бір бөлігі ретінде көрініс беретін адам, ағзасынан да белгілі бір табиғи қуаттың күштің әлемге тарап отыратыны белгілі. Руханилық – ізгі, ақылдың шешімі, ізгі жүрек өмір ізгі сезім, жанашырлықтың саналы және санадан тыс әрекеттерден көрінуі болса, Абайдың айтуынша «адамгершілік – махаббат пен әділдік, олар барлық нәрседе болады және шешіледі», яғни рухани тәрбие – адамдарды адамгершілікке, білімге, еңбек пен имандылыққа, бір сөзбен айтқанда жан дүниелерінің сұлулығына тәрбиелеу деген сөз. Адамгершілік мінез негіздерінің астарында жалпы адамдық пен ұлттық құндылықтар бірігіп, адамдардың рухани мәдениетін жүзеге асыратыны белгілі. Халықтың рухының асқақатауын, кемелдене бастағандығын оның барынша қоғамдағы рухани құндылықтарға мән беріп, маңыз беріп соларды жетілдірі, өркендету жолына түскенінен және адамаралық қатынастағы терең адамгершілік принциптерді көкке көтере бастағанын, аңғаруға болады. Нағыз қазақи рухтың сипатын рухани жетілуімізден, адамгершілік принциптерін сонау балабақшадан бастап халқымыздың діліне енгізе берудің тәсілдерін, іздеуіміз керек. Адам үшін жаудың үлкені оның өзінің бойындағы нәпсілік басылымдықтары болып табылады. Егер адам өзінің нәпсісін игеріп, оны руханилығымен көмкеріп отырса, онда оның рухы тазарады, халықтың ішкі бірлігі нығайып, адамға бауырмал бола түседі [3].

Адамгершілік тақырыбы-мәңгілік. Ол ешқашан да ескірмейді. Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру- ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиет. Адамгершіліктің қайнар бұлағы-халқында, отбасында, олардың өнерлерінде, әдет-ғұрпында. Әр адам адамгершілікті күнделекті тұрмыс-тіршілігінен, өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қай заманда болмасын адамзат алдында тұратын ұлы мұрат-міндеттерінің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі-келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу біздің қоғам алдындағы борышымыз. Ата-ананың болашақ жас ұрпақ алдындағы тәрбиесі үшін жауапкершілігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуда. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, ата-ананың күн сайын атқарып жүрген жұмысы-балаға үлкен сабақ. Жас ұрпақ тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, ұстаздан насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзін-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырылады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектене білуде өзін көрсететін балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады. Өз халқының мәдениетін, тарихын, өнерін сүю арқылы басқа халықтардың да тілі мен мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарайтын нағыз мәдениетті азамат қалыптасады.

Қазақ халқының әлеуметтік өмірінде үлкенді сыйлау ұлттық дәстүрге айналған. Ата-бабаларымыз баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер», «Жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иман жүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды

халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп сыйлаған. Жас ұрпақты имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу үшін олардың ар – ұятын, намысын оятып, мейрімділік, қайырымдылық, кішіпейілділік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік қасиеттерін бойына сіңіре білсек, осы қасиеттің берік ірге тасын қалағанымыз. Адамгершілік-адамның рухани арқауы.

Елдіктің басты көрсеткіші – ортақ құндылықтар мен дәстүрлерге адалдық. Қазақ деген халықты асыл құндылықтары мен еш халықта жоқ дәстүрлерін сақтай отырып әлемге таныту – аға ұрпақтың алдындағы парыз, кейінгі ұрпаққа – аманат. Ол үшін аманатқа қиянат қылмайтын қазақы дәстүрді ұрпақ санасына ғана емес, сүйегіне сіңіріп өсіру керек, сонда ғана артымызға қарайламай кете аламыз. Түсінген балаға ата-анасының артына қарайлап кетуінің өзі – өте ауыр салмақ. Сонымен қатар келер ұрпақтың болашағы үшін толыққанды жетілген тұлға болып қалыптасуының маңызы өте зор. Жастардың бойында ең маңызды деген моральдық нормалар, әдет-ғұрып, адамгершілік, ар-ождан, адамға ізгілік әкелетін рухани құндылықтар және адами қасиеттерге тәрбиелеу алдыңғы қатар ұрпақтың еншісінде деген ойға жетелейді.

Қазіргі қоғамдағы дәстүрлі құндылықтардың құнсыздануы, адамдардың ата-ана алдындағы парызға, перзент алдындағы борышқа, отбасы алдындағы міндетке салғырт қарауы, бір-біріне деген мейірім-шапағатының кемуі, түрлі қылмыстар мен қатыгездіктердің орын алуы, рухани жұтаңдық – бәрі қосылып дәстүрлі отбасылық құндылықтарға қауіп төндіріп отырғанын жасыруға болмайды. Қол қусырып қарап жүрмегеніміз анық, дегенмен заттық құндылықтар алдыңғы орынға шығып бара жатқан қазіргі қоғамда дәстүрлі құндылықтарды жандандырып, бағасын кемітпей, қадірін қашырмай ғасырлар көшіне ілестіру – аға ұрпақ алдындағы қасиетті борыш. Жарты әлемді жаулаған Ескендір Зұлқарнайын да (Александр Македонский) бұл дүниеден ештеңе алып кете алмағанымызды кейінгілер көрсін, сабақ болсын деп, жерлеуге алып бара жатқанда екі қолын шығарып қоюды аманаттаған екен.

Қоғамдағы құндылықтардың бастау бұлағы – отбасылық құндылықтар, отбасындағы тәрбие оңалмай, қоғам оңалмайды. Байлықтың ең үлкені – иманды, парасатты ұрпақ. Дәстүрге адал, парыз бен қарыздың салмағын білетін, құндылықтар сабақтастығын жалғайтын бала тәрбиелеп, еліміздің ертеңіне қызмет етейік дегім келеді.

#### Әдебиет тізімі

1. Э.Фромм *Иметь или быть? Ради любви к жизни/перевод с англ.; П.С.Гуревича. М.:Айрис-пресс, 2004*
2. Дулати М. Х. *Тарих-и-Рашиди. Алматы. 1999. Источник: <http://e-history.kz/kz/contents/view/2154>*
3. Нұрмұратов С.Е., Сағиқызы А. *Ұлттық рух мәселесі хақында // Халықаралық конференция материалдары. – Алматы, 2006. – 176 б.*

### ПРОБЛЕМА АКТИВНОСТИ СУБЪЕКТА ПОЗНАНИЯ В ФИЛОСОФИИ Ж.М. АБДИЛЬДИНА

*Солощенко П.П.  
г. Караганда  
p\_soloschenk@mail.ru*

Современный Казахстан находится сегодня на новом этапе своего исторического развития, значимость которого определяется перспективой модернизации общественного сознания. Данный процесс, начавшийся по инициативе Первого Президента, Лидера Нации Н.А. Назарбаева, является закономерной и объективно необходимой реальностью, которая придает целостность всей стратегии развития Казахстана. Системообразующим фактором